# Aıagóz jańalyqtary

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 31 (11028) 8 tamyz 2026 jyl E-mail: ayagoz.zhanalyktary@gmail.com


## ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИДІҢ АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛҒАНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!**
**ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР!**

Баршаларыңыздың қазақ жыраулар поэзиясының көшбасшысы, жорық жырауы, Шоқан Уәлиханов «қазақтың рыцарлық дәуірі» деп сипаттаған кезеңнің даңқты қолбасшыларының қатарында құрметпен аталатын, есімі барша қазаққа мәлім Ақтамберді Сарыұлының дүниеге келгеніне 350 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын.

Ақтамберді жырау – ел басына күн туған алмағайып заманда жырымен жұртты жебеп, жорықтағы аламанға дем берген даңғайыр жырау ғана емес, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек сияқты есімі эопс кейіпкеріне айналған даңқты батыр, даңсалы би ретінде ел есінде қалған тарихи тұлға.

Осыдан он күн бұрын өңірімізде Ақтамберді жыраудың 350 жылдығы дүркіреп өтті. Енді міне, батыр-жыраудың еңселі ескерткіші бой көтеріп отыр. Батыр ескерткішін тұрғызуға қолдау білдіргені үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа облыс халқы атынан айырықша алғыс айтқымыз келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде «Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс» деп баршамызға нақты бағдар берген болатын.

Өздеріңізге белгілі, бірінші шілдеден бастап бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция өз күшіне енді. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді. Алда ел болып бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып құрылтай сайлауын өткереміз. Бұл Мемлекет басшысы бастаған ауқымды реформалардың кезекті кезеңі. Мемлекет дамуының ауқымды бетбұрысының белгісі.

Осындай іргелі реформалар аясында халқымыздың тарихи санасы қайта жаңғырып, тарихқа жаңа көзқарас қалыптасып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен тарихымызды тыңнан зерделеген жаңа академиялық еңбек дайындалуда. Осы жаңа танымдық кезеңнің тұсында есімі тарих сахнасында жаңғырған Ақтамберді бабамыздың атаулы тойының маңызы ерекше. Себебі, Ақтамберді жыраудың есімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен Республикалық ономастика комиссиясы бекіткен «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген болатын. Мұны тарихи әділеттілік, бабалар рухына тағзым деп қабылдаған жөн.

Жыраудың өмір жолы, ерлік істері мен рухани мұрасы Аягөз өңірімен тығыз байланысты. Сондықтан ұрпақтары үш жылдан бері арнайы қоғамдық қор құрып, өз қаражаттарына кең ауқымды мерейтойлық іс-шаралар өткізуді жергілікті әкімдікпен келіскен болатын.

Одан бөлек Аягөз қаласында аумағы 5600 шаршы метр болатын жаңа саябақ бүгін халық игілігіне берілді. Аталған саябақтың ашылуын жыраудың 350 жылдық мерейтойына орай өткізілуі кездейсоқтық емес. Аталған жаңа саябақта Ақтамбердінің ескерткіші бой көтерді.

Ауқымды саябақ Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасының нақты көрінісіне айналып, тұрғындар үшін жайлы демалыс орыны болады деп сенеміз.

350 жылдық мерейтой бағдарламасы аясында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, республикалық жыр мүшәйрасы, аламан бәйге, қазақ күресінен өгіз балуан, түйе балуан, Аягөз арғымағы бәйгесі, садақ ату, жорға, топ бәйге өтіп, жеңімпаздарына сегіз автокөлік сыйға тартты. Қаһарман жыраудың аты асқақтап, Аягөз арғымағынан басқа жарыстардың барлық жүлделері еліміздің әр тарабына кетті. Тіпті, көршілес қырғыз елі де жорғадан жүлде алып қайтты. Бұл халқымыз үшін қан кешкен тұлғалар рухына жасалған құрмет, перзенттік тағзым екені сөзсіз.

Қадірлі жерлестер! Абай елі, Семей жері күллі қазақ даласына сәуле шашқан ұлылар өлкесі. Күллі қазақ даласына өнер шашып, шұғыласын төккен прогресс отаны. Тұңғыштар мекені. Барша өркениет жаңалығы болған тұңғыштардың бастау алған жері. Қазақтың алғашқы театрының осы өңірде қойылуы, алғашқы баспаның ашылуы, тұңғыш футбол клубының осында құрылуы, алғашқы телеграф, алғашқы банктің, тіпті, алғашқы цирктің де осында басталуы бекер емес. Тіпті, алаш әскері де осында құрылды. Мұның бәрі де, құтты мекеніміздің прогресс отаны екенінің айғағы.

Алашқа астана болған киелі шаһарымыз – ежелден зияткерлікке бейім, ілім-білімнің орталығы болған қала. Семейде өткен ғасырда алаштың алғашқы оқу орыны ашылып, қазақ зиялыларының ізі қалғанын ұмытпауымыз керек. Сол кезде тарихы терең шаһарымызда Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевтың, Әлкей Марғұланның арманға қанат қаққанын айтсақ та көңілімізге қуат құйылатыны анық.

Осы асқақ тарихтың бастауында елі үшін ереуіл атқа ер салған Ақтамберді жырау, Қабанбай батыр сияқты ерлердің, кешегі Ақтайлақ би, аға сұлтан Құнанбай, әулие Ырғызбай Досқанаұлы, Дулат Бабатайұлы, сияқты тағдырлы тұлғалар тұрғанын есімізде берік сақтауымыз керек.

Өңіріміз қашанда ұлттық құндылықтарды көз қарашығындай қастерлеп, ата дәстүр мен заман дамуын ұштастырып келе жатқан жақсылыққа құштар, жаңалыққа ашық аймақ. Ұлы Абайдың мекені, Абайдың ізгі жолын жалғастырған алаш арыстарының орталығы болған қасиетті жер.

Ендеше, еңселі тұғырына қонған айбатты баһадүр, айбынды жыраудың тойы құтты болсын!

## АУДАН ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Абай облысының әкімі Берік Уәли Аягөз ауданының активіне ауданның жаңа әкімін таныстырды.

Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістерге сәйкес облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар әкімдерін сайлау институты жойылды. Қазіргі уақытта облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың әкімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыс әкімдері тиісті мәслихаттардың келісімімен тағайындайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 25 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің, Аягөз ауданы мәслихат депутаттарының келісімімен және облыс әкімінің өкімімен Аягөз ауданының әкімі лауазымына Айбек Серікболұлы Нұғымаров тағайындалды.

Айта кетейік, бұл – жаңа Конституция қабылданғаннан кейінгі Абай облысындағы екінші аудан әкімінің тағайындауы.

«Аягөз ауданы – облыстағы стратегиялық маңызы бар бірден бір аймақ. Аудан ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және әлеуметтік саланы дамыту үшін жоғары әлеуетке ие. Сонымен қатар логистика мен сауданың дамуына ықпал ететін маңызды көлік қиылысында, яғни, тоғыз жолдың торабында орналасқан. Сол себепті қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, бұл жұмыстардың бәрін жүйелі жолға қойып, мемлекеттік бағдарламаларды сапалы және лайықты жүзеге асыру аса маңызды. Айбек Серікболұлының тәжірибесі жеткілікті. Осы уақыт ішінде өзінің іскерлік және ұйымдастырушылық қасиеттерін таныта білді. Сондықтан артылған сенімді ақтап, Аягөз ауданының жұртшылығымен бірлесе отырып, ауданның одан әрі дамып, гүлденуіне бар күш-жігерін салып, аянбай қызмет етеді деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Айбек Серікболұлы Абай ауданының Құндызды ауылында дүниеге келген. Семей мемлекеттік педагогикалық институтын «Дене шынықтыру», Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетін «заңгер» мамандықтары бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Семей қаласындағы қазақ күресі бөлімінде оқытушы-жаттықтырушы болып бастады. Шығыс Қазақстан облысының жоғары спорт шеберлігі мектептерінде нұсқаушы-әдіскер, қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы болып еңбек етті. Алты жылдан астам уақыт Семей қаласындағы Көлік колледжінің директоры болды. Осы лауазымға тағайындалғанға дейін Аягөз ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімінің міндетін атқарушы қызметін атқарды.

Сондай-ақ, Айбек Серікболұлы қазақ күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, «Дзюдо» бойынша спорт шебері, «САМБО» бойынша спорт шебері. Қазақ күресінен он дүркін Қазақстан чемпионы, төрт дүркін Азия чемпионы, «Әлем Кубогының» үш дүркін иегері, Қазақ күресінен Әлемнің төрт дүркін чемпионы, «Еуразия Барысы» халықаралық турнирінің төрт дүркін чемпионы, «Әлем Барысы» халықаралық турнирінің үш дүркін чемпионы, «Қазақстан Барысы» турнирінің екі дүркін чемпионы.

Республикалық саяси кеңестің мүшесі, «AMANAT» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, VII, VIII шақырылған Абай облыстық мәслихат депутаты болған.

Бірқатар мемлекеттік награда мен жоғары дәрежелі марапаттары бар.

Тоғыз жолдың торабындағы Аягөз аймақтағы ең үлкен аудан. Жер көлемі жағынан да алып өңір. Мұнда мәселе аз емес. Айбек Нұғымарұлы абройлы қызмет атқарып қалың елдің қошеметіне бөленуіне тілектеспіз. Спорттағы жеңісті жолы, мемлекеттік қызметтегі жемісті бастама, іргелі еңбектерімен жалғаса берсін. Жеріміз гүлденіп, еліміз дамысын.

**Аягөз жаңалықтары**

## АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫНЫҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ




Тамыздың 6-сы күні айтулы жыраудың еңселі ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Іс-шараға арнайы келген облыс әкімі Берік Уәли оншақты күн бұрын өткен Аягөздегі республикалық деңгейдегі той береке мен бірліктің жарқын көрінісі болғанын атап өтті. Ынтмағы жарасқан елдің ырысы артып бағындарар биіктері мол болуына тілектестік білдіріп баба рухына бағышталған екі күндік іс-шараларға үлес қосып, демеушілік танытқандарға алғасын жеткізді.

Жаңа саябақ пен ескерткіштің ашылуы мерейтой аясындағы тарихи-рухани бастамалардың жалғасына айналды.

Ақтамберді жырау – ел басына күн туған алмағайып заманда жырымен жұртты жігерлендіріп, жорықтағы аламанға дем берген даңғайыр жырау ғана емес, есімі эпос кейіпкеріне айналған даңқты батыр, би ретінде ел жадында қалған тарихи тұлға.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген аймақ басшысы тарихи тұлғалардың мұрасын жаңғырту – ұлттық сананы нығайтудың маңызды бағыты екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс», – деп баршамызға нақты бағдар берген болатын. Президенттің тапсырмасымен тарихымызды тыңнан зерделеген жаңа академиялық еңбек дайындалуда. Осы

Жалғасы 2 беттер

# АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫНЫҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

**Аяқталуы. Басталуы 1 бетте**

жаңа танымдық кезеңнің тұсында есімі тарих сахнасында жаңғырған Ақтамберді бабамыздың атаулы тойының маңызы ерекше. Себебі, Ақтамберді жыраудың есімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен Республикалық ономастика комиссиясы бекіткен «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген болатын. Мұны тарихи әділеттілік, бабалар рухына тағзым деп қабылдаған жөн. Жыраудың өмір жолы, ерлік істері мен рухани мұрасы Аягөз өңірімен тығыз байланысты. Сондықтан ұрпақтары үш жылдан бері арнайы қоғамдық қор құрып, өз қаражаттарына кең ауқымды мерейтойлық іс-шаралар өткізуді жергілікті әкімдікпен келіскен болатын. Аягөз қаласында аумағы 5600 шаршы метр болатын жаңа саябақ бүгін халық игілігіне берілді. Ауқымды саябақ Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасының нақты көрінісіне айналып, тұрғындар үшін жайлы демалыс орыны болады деп сенеміз», – деді Берік Уәли.

Жорық жырауы, әскербасы, қоғам қайраткері қазақ халқының қилы кезеңдерінде өмір сүрген Ақтамберді Сарыұлы 17 жасынан бастап қалмақтармен, Орта Азия билеушілерімен болған шайқастардың бел ортасындағы білгілі батырлардың бірі. Бұл соғыстарда ол батылдығымен ерекшеленеді, кейінірек әскербасылық қабілетімен де көзе түседі. Талай-талай ұрыстарда ысылып, батыр атанған Ақтамберді жырау тарихқа «Ұлы апат жылдары» болып енген оқиғалардың ішінде жүрді. Жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі болды.

Жырау ел-жұртты ежелгі атабабалары өмір сүрген қоныстарына орналастыруға белсене атсалысты. Өз қарамағындағы қазақ руларын отырықшылыққа үйретіп, арық қазуды, бөген салуды ұйымдастырып, қазақтарды егін шаруашылығына баулуды қолға алады.

Ақтамберді жырау туындылары негізінен нақыл-өсиет түрінде келеді. Олардан көшпелі қазақ халқының ой-арманын, мақсат-мүдделерін білуге болады. Көшпенділердің өміріндегі үй жануарлары, әсіресе жылқының орны мен рөлі туралы ой-толғаулары ерекше. Ол жылқы малын «ер қанаты» дей келе, оны жауға қарсы шапқан батырдың серігі ретінде суреттейді.

Ақтамберді жырларының арқауы батырлыққа үндеу, жауға қарсы соғысқа жігерлендіру болып табылады. Ол жоңғарлардың билігінде қалған қазақ далаларын азат етуді, қазақ халқының өрлеуін, жоңғар басқыншыларын толығымен жеңуді армандайды. Көптеген өлеңдерде қазақ халқын жауға қарсы жан аямай күресуге шақырады. Ақтамберді жыраудың сұрапыл соғыстар кезінде туындаған өлеңдері XVIII-ғасырдағы қазақтардың жауынгерлік өр рухын дәріптейді.

Жаңа саябақ Аягөз тұрғындары мен қонақтарының тағзым етіп, тынығуына арналған көрікті қоғамдық кеңістікке айналмақ. Саябақ аумағы заман талабына сай абаттандырылып, 250 түп ағаш отырғызылды.

Ал саябаққа орнатылған, қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі – 5,25 метр. Туындының авторы – мүсінші Тоқтарбек Рахиев.

Біз оқырман қауымның назарына облыс әкімінің тағылымға толы сөзін де ұсынуды жөн көрдік.

**Аягөз ақпарат**

# АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУДЫҢ ЕСКЕРТКІШІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Б. АХМЕШОВТЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗ

**Құрметті Берік Уалиұлы!**
**Құрметті Жиналған қауым!**
**Қадірменді ауданымызға келген қонақтар!**

Киелі Аягөз жерінде Абай облысының әкімі Берік Уалиұлының бастамасымен, әрі қолдауымен, Аягөз ауданының әкімі Айбек Нұғымаровтың ұйымдастыруымен күні кеше ғана өткен батыр - жырау Ақтамберді Сарыұлының 350 жылдық мерейтойының жалғасы, батыр баба ескерткішінің ашылу салтанатына арналған іс – шараға хош келдіңіздер!

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев «Алтын Орда дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты симпозиумда сөйлеген сөзінде сана өзгермей, қоғамның жаңғырмайтынын, мемлекеттің өркендемейтінін айта келіп, ол үшін тарихи сабақтастықты сақтау мәселесінің аса өзектілігін, өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алу қиын болмағын атап өтті. Бүгінгі заманда ұлт тектілігімен сусындамасақ, ұлт құндылықтарын сана төріне орнықтыра алмасақ өркениет көшіне ілесе алмайтынымыз анық. Біз түп – тамырымызды толыққанды танибілу арқылы ғана ұлт дамуының көкжиегін кеңейте аламыз. Осы тұрғыдан алғанда Абай облысының әкімі Берік Уалиұлының бастамасымен өткен Ақтамберді жыраудың 350 жылдық мерейтойы, Аягөздің төрінен орын алған оның ескерткіші тарлан тарихымызға тағзым, елдік сананы жаңғырту, болашағымызға бағдар.

Атам қазақтың: «Жеріне қарай – құланы, тауына қарай қыраны, ұлысына қарай – ұраны, ұранына қарай – ұланы» деген аталы сөзі бар. Тауы мен тасы тарихқа тұнған Аягөз өңірі өнегелі өткеніміз бен баянды бүгінгі тыныс тіршілігімізден сыр шертетін шежірелі мекен. Бұл жер - аталы сөздері атан түйеге татитын ой мен тіл көсемдері даланың дана билерінің, орақ тілді от ауызды ақындардың, ел басқарған сұлтандардың, елін қорғап ту ұстаған батырлардың бас қосқан мекені. Аягөз қазақ халқына қатысы бар негізгі оқиғаларға куә болған мекен десек, асыра айтқандық емес. Аягөз – бүкіл қазақ жерінің брендi болған Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуға соғылған ғажап мавзолей орныққан орын.

Аягөз аумағындағы Мамырсу өзені мен Ақшәулі тауларының баурайында Абылайхан Хан ордасын тіккені тарихта жазылып қалған.

Аягөз – ұлы Абылайханның өзі иығына алтынмен апталған тон жапқан Ер Еспембет батырдың туған жері.

Аягөз – таңдайына бұлбұл ұя салған Құдауысты Құттыбай бидің мекені, аттары алты Алашқа әйгілі Байғара, Ақтайлақ, Аққожа, Жобалай билердің, дала Геркулесі атанған Барақ төренің мәңгілік жай тапқан мекені.

Аягөз - Қабанбай туы астында Жоңғар шапқыншылығына қарсы найза тіреп, қылыш суырған Шынқожа, Бөдес, Шақантай, Қазымбет батырлардың мекені.

Аягөз – дуалы сөзі жалпақ жұртқа жеткен Дулат, Түбек, Сабырбай, Қуандық, алапат дарын иесі – Әріп, алмастай жарқылдаған Уәйістің елі.

Аягөз – ел бірлігін ту еткен, азаттықтың жаршысы атанған Ақтамберді жыраудың мекені.

«Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады» дегендей, жалынды жырларымен есімі ел есінде мәңгі сақталған Ақтамберді жыраудың өмір сүрген заманы қазақ халқының тарихындағы сындарлы кезеңге сай келді. Ақтамберді Сарыұлы ес білгеннен бастап ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, қабырғалы би, атақты жырау. Ол өз ғұмырнамасын өзінің толғауларына көркемдік қуаты зор, келісті нақыштармен түсірген. Ақтамберді жыраудың поэзиясы – жауынгерлік рух пен отансүйгіштік идеясының биік көрінісі. Оның толғауларында ел бірлігі, жер тұтастығы, ер намысы терең жырланған. Ақтамберді жырауды ұлықтау – батырды ғана емес, әділдікті, бірлікті, парасатты жырлау. Ақтамберді – тек жауға шапқан батыр ғана емес. Ол – қолбасшы, ол – мәмілегер дипломат, ел тағдырын таразылаған мемлекетшіл тұлға. Оның өмірі – өнеге, ал жалынды жырлары – ұлттық идеяның мәйегі. Батыр – жырау Ақтамберді бабаның 350 жылдық мерей тойын атап өту – батырға деген құрмет, оның ерлігіне тағзым. Аягөз жерінде күні кеше ғана өткен ұлы той – бір өңірдің ғана емес, тұтас елдің рухани мерекесі.

Ел мен елді жалғап жатқан күре жолдың бойында, Аягөз өзенінің жағасында, бүгін ашылып отарған ерлік аллеясында орналасқан Ақтамберді баба ескерткіші – бұл өткен тарихтың шежіресі, ұрпақтар сабақтастығының көпірі және халық жадының символы. Ескерткіш орнату – ол елдіктің, кемеңгерліктің, халық зердесінің белгісі, ол – бүгінгі болмысымызды ұрпақтарға жеткізетін уақыт елшісі. Ескерткіштің еліміздің жастарын патриоттық рухта тәрбиелеуде, олардың бойына ерлік пен қайсарлықты сіңіруде алатын орны зор.

Ақтамберді жырауды ұлықтау – батырды ғана емес, бұл қазақ елінің тәуелсіз келешегі үшін ұлан – ғайыр жері мен имандай ұйыған елінің тұтастығын қорғаған батырлардың ерлігін дәріптеу. Ақтамберді баба өмір сүрген заман қаншалықты алыстай бергенімен, оның тұлғасы халық санасында соғұрым жарқын сәуле шашып, мейлінше ірілене түседі.

Марқұм, жерлес ақын Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасындағы:

«Кезеңде қиқу салып жау қаптаған,
Тұлпар жоқ омыраун шаң қаппаған.
Ешқашан еңкеймейді елдің туы
Ерлері бірін – бірі ардақтаған» дегеніндей, ұлт азаттығы жолында күрескен ерлерімізді ескеріп, ұлыларымызды ұлықтай, жақсы – жайсаңдарымызды бағалай білсек бағымыз да баянды болатынын ұмытпайық ағайын. Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріміз жалғасын тауып, жұртымыз тыныш, жеріміз аман болсын. Ақтамберді жыраудың ескерткішінің ашылу салтанаты құтты болсын! Арайлап атқан әр таңымыз елімізге қуаныш сыйласын.

**ҚАНАТ ЕҢСЕНОВ,**
**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты**

# АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫНЫҢ ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

Ақтамберді жырау Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында дәулетті отбасында дүниеге келген. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық таланты тым ерте, 10-11 жасында танытқан Ақтамберді 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалды. Бірде, тіпті, жортуылда жау қолына түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңда ғана қашып құтылады. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл оңтүстік және шығыс аймақтан айырылған шақта Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жаланды жырымен де, Жоңғария басқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болды, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жоңғар мемлекеті біржолата жойылып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде Ақтамберді қазақ руларын атамекенге біржолата орналастыру ісінде зор қызмет атқарды. Батыр жырау 93 жасында, 1768 жылы қайтыс болды. Ақтамберді жыраудың күмбезі Абай облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылының маңында Жүрек Жота деген төбенің басында тұр [1].



Ақтамберді жырау Орта жүздің Найман тайпасынан шыққан. Жастайынан ел қорғау ісіне араласып, батырлығымен көзге түскен. XVIII ғасырда қазақ жеріне Жоңғария шапқыншылығы күшейген кезде Ақтамберді ел қорғаған батырлардың қатарында болды. Ол қол бастап шайқастарға қатысып, халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға күш салды. Ақтамберді жырау тек ақын ғана емес, сонымен бірге халықтың азаттығы үшін күрескен батыр болды. Оның жырлары қазақ жауынгерлеріне рух беріп, елдің тәуелсіздігін сақтауға ықпал етті.

Ақтамберді қазақтың көне жыраулық эпосының белді өкілдерінің бірі. Ақтамберді жарлылық пен жалғыздықтың тауқыметін көп көрген. Тұрмыстың қыр, сырын, отбасы, елдік, жерлік мәселелерін жырларында жақсы көтереді. Жырау ақиқатты айтудан тайсалмайды, шыңдық туралы шымыр шешендік өлеңдерді түйдек-түйдегімен тастайды. Бәрі де сол тұстың ауыр тұрмысынан алынған. Ол өзінің ғұмырнамасын жырларына толық түрде болмаса да ептеп түсіре берген. Жалған айтып, жағымпазданып тәуір көрінейін деу онда жоқ, күйінгенін, көңілі қалғанын, алыс арманын айтады. Ал, тап берген жауға қарсы жігерлендіруге, алға ұмтылуға келгенде одан өткір үгітші кездеспейді. Бала-шағасын ұмытуға, ат үстінде түн қатуға әзір. Исі қазақтың тұтастығын, іргесінің ыдырамауын ойлаған көсем, шешендердің бірі болды [2].

Жыраудың шығармалары қазақ халқының тарихи жадын сақтауға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосты. Жыраудың шығармаларында халықты жауға қарсы күресуге шақыру, туған жерді қорғау идеясы басым. Сонымен қатар ол жастарды батылдыққа, еңбекқорлыққа және адалдыққа тәрбиелеуге үндеген. Жыраудың шығармалары қазақ халқының тарихи жадын сақтауға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосты.

Қазақ халқының тарихына байланысты ертеректе жазылған Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Таурих хамса» атты еңбегінде: «Абылай заманында батыр, сардар болғандар. Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтанберді батыр, керей Жәнібек батыр, бура Ақпантай батыр, қанжығалы Бөгенбай батыр, бәсентеиін Малайсары батыр, бұлардың бәрі де қолбасшы жауынгер атанса да қайраттысы Қабанбай болған...» [3] - деген құнды мәліметтер келтірген.

Қазақ жауынгерлері алғашқы жеңіске 1726 жылы Шұбартеңіз маңында қол жеткізді. Одан кейін мықты қаруланған Жоңғария әскеріне қарсы Ұлытау мен Сарыарқаны қорғау мақсатында 1727 жылы Бұланты мен Білеуті аралығында «Қарасүйір», «Қалмаққырылған» деген жерде жан алып, жан берісken шайқас өткен [4].

Ақтамберді жырау осы қазақ-қалмақ шайқасы кезінде шығарған жалынды жырларының бірінде:

«...Күлдіре күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз,
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екенбіз?!
Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткүлдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін

Бізде бір құрар ма екенбіз?!
Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың ен бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екенбіз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып...» [5], - деген өлең жолдары бар. Бұл сол Бұланты-Білеуті шайқасының алдында жауынгерлердің рухын көтеру үшін айтылған тарихи жырдай көрінеді. Өйткені, жорық бағыты Бетпақ далаға нұсқап тұр.

Бұлантыдағы және басқа да бірқатар шайқастардың қаһармандық рухын бізге дейін Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау, Тәттіқара жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын туындылары жеткізді. XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңында жоңғарлар Ұлытау аймағынан ғыстырылып шығарылды. Мұндағы тайталаста Жоңғария әскері тағы да жеңіліске ұшырады. Бүкіл аймаққа бұл жер «Қалмаққырылған» деген атпен белгілі болды. Қазақ жасақтарының Бұланты-Білеуті маңындағы жеңісінің тағы бір -стратегиялық тапқырлығы тапқырлығы болды. Қазақ жасақтарының Бұланты-Білеуті маңындағы жеңісі Аңырақай шайқасының табысқа жетуін анықтап берді.

1729 жылы Аңырақай шайқасында Жоңғария әскерінен 30 мың, Қазақ хандығы тарапынан 30 мың әскер қатысқан. Екі ел жорыққа алдын ала әзірленіп, жекпе-жекке шығатын батырларын да дайындаған. Осы шайқаста жалпы қолбасшылыққа Әбілқайыр хан сайланғанымен, әскерді жорық туын ұстап Бөгенбай батыр басқарған. Шайқас 44 күнге созылған. Бұл ауқымы жөнінен 1727 жылы өткен Бұланты шайқасынан кейінгі екінші шешуші шайқас еді. Жан алып, жан берісксен шайқаста екі жақтан да шығын көп болған.

1729 жылы қалмақтарға Цинь империясы әскері мәнжүрлер шабуыл жасады. Қалмақ күші екі майданға бөлінді. Енді олар қорғануға көшті. Олар әлі де көп еді. Қазақ жерінде 35 мыңдай қалмақ жүрді. Жоңғарияның Қазақ хандығымен шектесетін Батыс бөлігіне Лацзан Цэрен ноян иелік еткен және Аңырақайда негізгі әскер қосындарды бастап, өзі қолбасшы болған.

Ұлы жүздің қолын Жолбарыс хан мен Төле би басқарды. Оған Кіші жүз Әбілқайырдың, Орта жүз Сәмекенің қолы қосылып 30 мың әскерді құрады. Бұрынғы Далатау (Аңырақай) шайқасының алдында қанжығалы Бөгенбай батыр мен Қазыбекбек Тауасарұлы ұрыстың жобасын жасап, оны Жолбарыс хан мен Төле биге құптатты. Бұл қазақтың бар күшін салған ұлы майдан еді. Сондықтан да, әзірлік ерекше болды. Егер қалмақтар жекпе-жек сұраса, кім барады, соғыстың арты қалай болады, қай мың басының қолы қай жерде, қай мезгілде ұрысқа кіруі керек, осының бәрі шешілді.

Аңырақай шайқасында алғаш жекпе-жекке түскен шапырашты Бөлек батыр қалмақтың Аңырақ батырын өлтіріп, үлкен жеңіске жол ашқан. Сондықтан, бұрынғы Далатауы «Аңырақай» аталып кеткен. Шайқаста қазақ батырлары Бөгенбай мен Қазыбекбек жоспарлаған «Үш тоғыс» әскери соғыс тәсілімен жеңіске жетті.

Аңырақайда жеңілген қалмақтардың бір бөлігі Қаратауға шегінді. Қос тұра арасында қайта соғыс салды. Қалмақ жағынан Қалдан Сереннің нағашысы Доныұ ноян басқарды, бас батыры Ботхишар еді. Қалмақтар Ботхишарды көбірек ардақтайтын. Сол ардақтысын Қаратаудың Ұзынбұлақ (Боралдай) бойында Жаныс Өтеген батыр жекпе-жекте өлтірді.

Бұқар жырау 28-ші толғау жырында XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Отан соғысы туралы айта келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі Тілеуке (Қарабатыр), қарақалпақ Құлашбек, Шапырашты Наурызбай, Құдайменді Жәпек, Сеңгірбай мен Шүйкебай, Таңсытқожа Малыт, Қасқарау Малдыбай, Айнақұл Батый батырлардың есімін атаған. Олардың бәрі қазақ жасақтарының жүздіктері мен мыңдықтарын басқарды. Қазақтарда әскери жасақтардың тізілімі осылай құралған.

Осы шайқастарға Ақтамберді Сарыұлы қатысты. Ол жаумен шайқасып қана қойған жоқ, сонымен бірге өз туындыларында Отан соғысының халықтық сипатын да ашып көрсетті. Нақ осы соғысқа Үмбетей жырау қатысты. Қазақ халқының ең әйгілі ақындары мен ойшылдарының бірі Бұқар жырау бұл оқиғалардың куәсі болып қана қойған жоқ, сонымен қатар жеңілген кездегі қиындықтар мен Отан соғысындағы жеңістердің қуанышын халықпен бірге көрді [6].

Шаған шайқасында 1750 жылы қалмақтар жағынан Доржы мен Арқауыл қол бастап келіп, Қоңыр әулие үңгірінің маңында қорған жасап Абылай сұлтан мен Қабанбай батыр бастаған қазақ әскерімен шайқасқан. Осы шайқаста жеті күн шайқасып, қазақ әскері қамалды ала алмай тұрғанда Абылай батырларымның қайсысы осы қамалды алып, жауды жеңсе соған «Дарабоз» атағын беріп, бас қолбасшылыққа сайлаймын деген екен. Міне, осы Шаған шайқасында ақбоз атпен шауып, ерекше ерлік көрсетіп, қамалды алған Қаракерей Қабанбай батыр еді [7].

Аягөз өңіріндегі Көгілдір тауы етегінде өткен қазақ-қалмақ шайқастары туралы ең алғаш рет аздаған мәліметті Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» атты еңбегінде жазған [3,78]. Онда Көгілдір тауында шайқас өткен деп қысқаша ақпарат берілген. Бұл шайқас шамамен 1753-1754 жылдары өткен.

Қаракерей Қабанбай батыр бастаған қазақ жерін азат ету шайқастары XVIII ғасырдың 50 жылдары Шыңғыстау, Аягөз, Тарбағатай жерлерінде жалғасқан. Ол шайқастар туралы жергілікті халық арасында аңыз болып жеткен оқиғалар желісі мен жергілікті жерлерде сақталған тарихи жер-су атаулары бар. Атамкенді жау қолынан азат етудегі шайқастардың бірі – Басапан-Базар шайқасы. Бұл бұрын Тарбағатай жерін басып алып, иелік етіп келген жоңғарға қарсы жорық болған. Осы аталған шайқасқа дайындық Аягөз жағынан Тарбағатайдың теріскей жағына жорыққа атанып, Майлышат жерінде үлкен дайындық жасағандығы байқалады. Бұл қазіргі Тарбағатай ауданының Қызылкесік ауылдық округіне қарасты жерде Майлышат, Бөгенбай, Боранбай және Қабанбай шаттары бар. Яғни, бұл арада бір-бірінен алшақтау орналасқан өзен бойларында жоңғарға қарсы сарбаздарды жасақтағанда Садыр Майлы батыр, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Боранбай және Қаракерей Қабанбай батырлардың кемінде бес мыңнан 15 мың шамасында сарбаздары уақытша орналасқан.

Қазіргі Аягөз және Ақсуат аудандарының арасындағы Тарбағатай тауында «Майлышат» деген жер бар. Осында әр қолбасшы ауыр қолмен келіп бекінген Қабанбай шаты, Бөгенбай шаты, Боранбай шаты, Майлышатынан бастап, жүздеген жер атаулары сол шайқастар туралы сыр шертеді.

Осы аталған шайқастар заманында Шығыстағы атамкеніне халықты қайта оралту мақсатында қаркерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Шыңқожа секілді хас батырлар мен Ақтамберді сияқты абыз жыраулар, Боранбай би сынды әділ де шешен жауынгер қолбасшылар қазақ жасағын бастап, жоңғардың басып алған Тарбағатай, Сауыр және Алтай тауларының өңірін азат ету жолында күрес жүргізді [8].

**Келесі нөмірде жалғасы**

# ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ



**Суретте: Күленов Асқар мен Қайынбаев Биғали, 1968 жыл**

Әр адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Әркімніңөмірде көрген бейнеті, алған асуы, жеткен биігі әрқилы. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол кісілік келбет, азаматтық тұлға. Өзінің өнегелі өмірі жолында ерен еңбегімен, азаматтық болмысымен абырой биігінен көрініп, ел есінде қалған ауылымыздың азаматы Қайынбаев Биғали Қоңыртайұлы еді. Жарық дүниенің табалдырығын бала болып аттап, Алла бұйырған өмір жолының жүгін абыроймен көтеріп, азаматтық парызын адал атқарып, 54 жасында дүниеден озған Биғали ағамыздың да бұл фәниден өткеніне 26 жыл өте шығыпты – ау.

Уақыт алға озған сайын, ағамен әріптес болғандардың, бірге еңбек еткендердің, тай – құлындай бірге өскен жолдастарының да қатары сиреп барады. Тіршіліктің даму заңы адамдардың пайдасына шешіле бермейді. Алланың жазуымен біреу өмірден ерте, бірі кеш озады. Биғали Қоңыртайұлы өмірдің асу бермес өткелдерінен сүрінбей өтіп, өрінде өнегелі із қалдырып, абырой биігінен көрініп, атына кір шалдырмады. Биғали аға және басқа да соғыстан кейін дүниеге келген алдыңғы толқын ағаларымның өмір жолдары оңай бола қойған жоқ. Сол ағаларымның бірі ғана емес, бірегейі Биғали Қоңыртайұлы тірі болса биыл сексеннің сеңгіріне шығады екен. Амал не тағдыр ол күнге жеткізбеді. Ол 1946 жылы 20 желтоқсанда Аягөз ауданы Ақши өңірінде дүниеге келді. Бала күнінен соғыстан кейінгі ел басына түскен ауыртпалықтарды көріп өсті. Замандастарымен бірге мектепке барды. Басқа да ауыл балалары сияқты еңбекке ерте араласты. Жазғы демалыста шөпшілердің бригадасында таң бозынан тұрып, өгізге мініп, балаукошпен шөп жинады. Мал да бақты. Оның бозбала болып есейе бастаған шағы елімізде тың игеру науқаны қарқын алған кезгетұспа – тұс келді. Бұл кез – ірілендірілген колхоздарға, жаңадан құрылып жатқан совхоздарға ауыл шаруашылығы техникалары, тракторлар, комбайндар, жүк таситын машиналар көптеп келіп,ауылдағы жұмыстар кеңінен өріс алған шақ еді. Бойында техникаға деген бейімділігі бар ол бала кезінен маусымдық жұмыстар кезінде трактор рулііне отырып, зеректігінің арқасында техниканы жетік меңгерді. Совхоздағы маңдай алды комбайыншы, озат жүргізуші болып, адал еңбегінің арқасында елдің құрметіне бөленіп, суреті совхоздың құрмет тақтасынан түспеді. Мен ол кісімен алғаш танысқанда совхозда МТМ меңгерушісі еді. МТМ-ны совхоздың «жүрегі» дейді. Бұлай атайтын жөні де бар. Егер ауыл шаруашылығы техникалары сақадай сай тұрмаса, жұмыс алға баспайтыны белгілі. Біреулер бұзылған техникаларды әкеліп жатса, енді біреулері техникаларын жөндеп алып кетіп жататын бұл шеберханада қысы – жазы қайнаған еңбек үздіксіз қызу жүргізілетін. Өзіне тапсырылған жұмыстарды асқан жауапкершілікпен, адал атқарған Биғали Қоңыртайұлы 1986 жылы «Ақши» совхозының бас инженері қызметіне тағайындалды. Сол жылдары миллионер шаруашылықтардың қатарына қосылған «Ақши» совхозының экономикасының өркендеуіне ол да мол үлес қосты.

Өткен ғасырдың 90 – шы жылдарындағы қиындықтар елдің есінен әлі кете қоймаған шығар. Қыс айларында айлап жол тазаланбай, шалғайдағы ауылдардың тұрғындарына аудан орталығына қатынау қиямет қиын болатын. Тозығы жеткен жол тазалайтын техникалар тазалауды қойып, өзі жүруден қалған. Қазіргідей қаптап жүрген жол талғамайтын шетелдік көлектер жоқ еді ол кезде. Биғали ағам 5 орындық Уаз – 469 маркалі машинасының жүк салғышына жолаушылардың жүктерін толтырып, ішіне сыйғанынша адамдарды отырғызып таң бозынан жолға шығатын. Жолдың қиындығынан 1 сағаттық жолды күні бойы жүрген кездер де болды, жолдағы ауылдарға қонып 2 – 3 күн жүрген кездер де болды. Осылай бүкіл ауыл бір көлікке қарап қалған кездер болған десем, қазір жастар сене қойар ма екен. Сол бір жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілейін деп тұрған шақта ол кісінің жанкешті еңбегінің арқасында қаламен қатынас үзілген жоқ. Аға қаншама адамдардың алғысын алып, елдің құрметіне бөленді.

Әр жердің өз төбесі, әр елдің өз ағасы, әр үйдің өз төрі бар. Сол сияқты әр әулеттің қиналғанда сүйенетін, таяныш болатын тірегі болады. Ондай адамды сол әулеттің бәйтерегі деп те атайды. Ол бәйтеректің саясы тек өзінің отбасына ғана емес, ағайын туысына, ауылдастарына ортақ. Өйткені ондай адамдар парасат пен шапағатты басқаларға үлгі етеді. Отбасының үлкені болғандықтан Биғали ағаға да әулеттің салмағы түсті, еңбекке ерте араласты. Бауыр – қарындастарына қамқор болды, ержеткізді, туыстарына көмектесті. Өмір деген ұлы даңғылда мағыналы өмірінің, шуақты шаңырағының алтын діңгегі болғанөмірлік қосағы Зәмзәм Байжұмақызы екеуі 33 жыл жұбайлық ғұмыр кешіп,отбасылық сыйластықтың өнегесін көрсетті, 4 бала тәрбиелеп өсірді. Өкініштісі, сол өмірінің жалғасы алтын асықтай немерелерінің көпшілігінің қызығын көре алмай, өмірден ертерек озды. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей Биғали аталары салып кеткен сара жолды жалғастырған ұрпақтары еске алып, ас беріп жатыр екен. Ұрпақтар сабақтастығы осылай жалғасып жатса, өмір осысымен мәнді емес пе.

**Б Ахмешов**
**Аягөз аудандық**
**ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# ҰСТАЗДЫҚ – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Әр адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тірші Адам өмірінің шынайы құны оның артында қалдырған ізінен, ел жадында сақталған өнегесінен танылады. Ел игілігіне жарау- пенденің маңдайына жазылған ұлы сынақ. Жақсыдан шарапат демекші, біздер, сонау 1980 жылдардағы жас ұстаздар алдыңғы толқын аға-апайларымыздан үлгі алып, олардың жақсы қасиеттерін бойларымызға сіңіріп өстік. Өткен күндерді ой елегінен өткізгенде өзім пір тұтып, үлгі алған, артында өнегелі із қалдырған, әріптестері біздің ғана емес, ауылдастарының құрметіне бөленген, саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған Таңсыққожина Зәмзәм Байжұмақызы түседі. Мақала кейіпкері,«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің, Қазақ ССР-і халыққа білім беру Министірінің Құрмет грамотасының иегері, «Аға мұғалім» атағы бар Зәмзәм Байжұмақызы туралы бұрындары да жазылған, әлі де жазыла береді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші жақсы адамдар туралы жиі жазып, олардың ерен еңбектерін елге танытып жатсақ, қайта нұр үстіне нұр болмайма. Ұстаз болу-жүректің қалауы. Қай заманда болмасын ұстаздық ұлы мамандық саналған. Бұл мамандық иелері балаларға білім беріп, шәкірт жүрегіне жол тауып, үлкен жауапкершілікті сезінеді.

1967 жылы Ақши ауылындағы сегізжылдық мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып ұстаздық жолын бастаған Зәмзәм апай 1970 жылдары совхоздың орталығы Сарыарқа ауылына ауысқандықтан, жұбайы Қайынбаев Биғалидің қызметіне байланысты осы ауылға қоныс аударып, Сарыарқа орта мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырып, 2007 жылы зейнет демалысына шыққанша 40 жылдай осы мектепте ұстаздық қызмет атқарды. 40 жылда қаншама шәкірттерінің қолдарына қалам ұстатып, әріп танытып, әліппені жаттатқызып, олардың есінде «мәңгілік із» қалдырды. «Білімнің негізі бастауышта» дейді.Расында солай. Оқушыға білімнің негізін бастауышта сабақ берген ұстаз қалайды. Бүкіл еңбек жолын бастауыш сыныптарға сабақ беруге арнаған Зәмзәм Байжұмақызы шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беруді- ұстаздық парызым деп санады. Әр шәкіртінің жүрегіне сәуле жағу – апай үшін ең үлкен жеңіс еді. Шәкірттерін білімге ұмтылдыруды, олардың оқуға қызығушылығын оятуды басты міндеті санап, аянбай еңбек етті. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып қана қойған жоқ, олардың бойына мейірім шуағын шашып, адамгершілік қасиеттерді дарыта білді. Ол ұстаз деген атқа нағыз лайық жан еді. Мектеп ұжымын өзінің сабырлы мінезімен, маңайындағыларға мейірімін шашқан ақжарқын көңілімен баурап алатын. Мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқара жүріп жас ұстаздарға ақыл кеңесін беріп, олардан өздеріне тапсырылған жұмыстарды жауапкершілікпен атқаруды талап етті. Оларды адал еңбек етуге баулыды. Аудандағы ұстаздар арасында айшықты еңбегімен дараланып, алдыңғы қатарда жүрген ұстаз Таңсыққожина Зәмзәмнің мол тәжірибесін тарату мақсатында Сарыарқа орта мектебінде аудандағы мектептердің мұғалімдері қатысқан бірнеше семинардың өткеніне куә болдық.

Атына заты сай, азан шақырып қойған аты Зәмзәм болғанымен, ауылдастары Зәкен деп кеткен апайымыз бекзат тәрбиенің, биік мәдениеттің, ру-

**Жалғасы 5 беттер**




















**Фото суреттер Дәурен Мақсұтханұлы**

Аяқталуы. Басталуы 3 бетте

# ҰСТАЗДЫҚ – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

хани кәусар тазалықтын адамы еді. Оның бойынан қазақ әйелдеріне тән қарапайымдылықты, сыйластықты, ұлтымыздың инабаты мен ибасын көретінмін. Көрші-қолаңмен сыйластығымен, туысқа деген бауырмалдығымен, әріптестері арасындағы беделімен ол үлкендерге өнеге, кішілерге үлгі бола білді. Қазақта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз бар емеспе. Адам бойына жақсы қасиеттердің бойлауына бесігі түзу отбасының ықпалы болатыны түсінікті. Апайдың әкесі Байжұма атаны, анасы Бижамал апаны көзіміз көрді, қолдарынан дәм таттық. Жәй ғана көріп қойған жоқпыз, ол кісілердің мағыналы да, өнегелі сөздерінен, адамдармен қарым-қатынасынан қазақтын әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін жете білетін адамдар екенін, әр текті ортадан шыққанын білдік. Әке өсиетін бойына сіңіріп, ана ақылын көкейіне түйіп өскен Зәкен апай олардың өнегелі өмірін жалғастырып, көргенін, білгенін шәкірттеріне, әріптестеріне, ауылдастарына, ұрпақтарына үйретті. «Шеше көрген тон пішер» демекші ол Бижамалдай ғасыр жасаған анадан өнегелі тәрбие ғана алып қойған жоқ, іскерлікті де үйренді. Ол кезде ұлттық киімдер мен бұйымдар қазіргідей дүкендерде самсап тұрған жоқ болатын, оларды тігетін шеберханалар да болмады. Зәкен апай балаларға, жастарға қазақи ою-өрнекпен өрнектелген ұлттық нақыштағы киімдерді тігіп, жас отбасыларына құрақ көрпе, басқа да үй тұрмысына қажетті бұйымдарды жасап беріп алғысына бөленіп жүрді. Жолдасы Биғали аға басшылық қызметте болғандықтан үйінен қонақ үзілмейтін. Қазаны оттан түспейтін апайдың төріндегі жайнап тұратын дастарханынан қанша адам дәм татты.

Бұрын мұғалімді ауылдын айнасы дейтін. Ауыл халқы мұғалімдарге қарап бой түзейтін, үлгі алатын. Ауыл мұғалімі мектепте оқушыларға білім берумен ғана шектелмей, ауылдағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін. Өткен ғасырдың 90-жылдары Тәуелсіздіктің арқасында өшіп, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүріміз қайта жанданды. Арада 60 жылдай тойлауды қойып, аталмай келген «Наурыз» мерекесімен халқымыз қайта қауышты. Осы бір қасиетті «Наурыз» мерекесін ағаш рет тойлауды ұйымдастыруда, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерімізді насихаттауға арналған іс-шаралардың басы- қасында Зәмзәм апайымыз жүрді. Ұйымдастыруға белсене ат салысты, жастарға білгенін үйретті. Ол өзіне қандай жұмыс тапсырылса да жауапкершілікпен атқаратын. Жеке басының мүддесінен қоғам мүддесін жоғары қойып, ел сенімін қымбатына балайтын. Жауапкершілігі бар жандарға жұмыс та көп тапсырылады ғой. Ол ауылдық округтегі әйелдер кеңесінің төрайымы, селолық кеңестің депутаты, мектепте цехтың партия ұйымының хатшысы сияқты қоғамдық жұмыстардың қайсысын болсын асқан жауапкершілікпен атқарды. Зәмзәм апайдың өскелең ұрпаққа үйретері көп еді. Бірақ тағдырдың жазғанына не шара. Жазмыштан озмыш жоқ. 2017 жылы 70 – ке толған шағында бұл фәнимен қоштасып кете барды. Есімізде жарқын бейнесі қалды.



Орта мектеп статусын алғанына 50 жылдан асқан Сарыарқа орта мектебі жүздеген шәкірттерін қанат қақтарып ұшырды. Бұл жылдарда мектепте шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп, елеулі еңбегімен ел есінде қалған ондаған ұстаздар еңбек етті. Олардың біреулері тағдырдың жазуымен өмірден озса, енді біреулері құрметті еңбек демалысында, кейінгі буын қазір мектепте еңбек етуде. Мен осындай аяулы әріптестерімнің арасында жаны ізгілікке толы, білімді, тәжірибелі ұстаз Зәмзәм Байжұмақызымен бірге жұмыс істеп, әріптес болғанымды мақтан етемін.

**Маженова Зауреш,**
**ардагер ұстаз Сарыарқа ауылы**

**ДӘУЛЕТ ТАҢСЫҚҚОЖИН,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі**

# МЕНІҢ МЕЙІРБАН ӘПКЕМ



Зәмзәм әпкемізді жұрттың бәрі Зәкен деп атайтын. Бұл кісі туралы кітап шығару керек деген ойдың алғашқы ұшқыны зайыбым Жұмагүлдің жүрегінде тұтанды. Жай ғана ой емес, көңіл түкпірінде көптен бері пісіп-жетілген, парызға айналған арман еді ол. Өйткені Жұмагүл үшін Зәкен әпке – өмір мектебінің ұстазы, тағылымның таусылмас қайнары болатын. Ол кісіні ерекше құрметтеп, шын жақсы көрді. Содан болар, Жұмагүл Зәкен әпкенің есімін аузынан тастамай, кейде әңгіме арасында, кейде туыстар бас қосқанда үнемі күлкісі мен ғибраты қатар жүретін, тыңдаған жанның көңіліне жылу ұялататын сөздерін, қызық оқиғаларын еске алып отырады. Әпкеміз өзінің бірге туған бауырларына да өмірдің мәнін, отбасының берекесін, ағайын арасын жалғауға дәнекер болатын көзге көрінбес алтын арқаудың қадірі мен қасиетін ұғындырды.

Былтыр, яғни 2025 жылы, «Аягөз жаңалықтары» газетінде әпкем туралы екі беттік «Ұстаз ғибраты» деген көлемді мақала жарық көрді. Оның авторы – Аягөз ауданының құрметті азаматы, ұзақ жыл Сарыарқа ауылының әкімі қызметін атқарған, әрі Зәкен әпкемнің құдайы көршісі Бекболат Ахмешев ағамыз. Оны айтып отырған себебім, бұл мақала осы кітаптың шығуына түрткі болды десем артық айтқандығым болмас. Болат аға – ауданымыздың өркендеуіне еңбегі сіңген елдің елеулі азаматтары туралы мағлұмат беретін ойлы, мазмұнды, тағылымдық мәні бар мақалалар жазып көпшіліктің назарына ұсынып, қоғамдық істердің ұйтқысы болып жүрген үлкен жүректі азамат. Осы орайда ағайымызға, зайыбы Розаға әулетіміздің атынан алғыс білдіруді жөн көрдік. Қаламы мұқалмай, елдің көңілінен шығатын жақсы туындылар жаза берсін дейміз, ұзақ өмір тілейміз.

Жоғарыда айтылған жайттардың бәрі Жұмагүлдің жүрегінде бір ойдың пісіп-жетілуіне себеп болғандай. Бір күні ол маған: «Тәтем (ол тәте дейтін) жайлы кітап шығарайық. Ол кісінің қолынан шыққан небір әдемі қолөнер туындылары, аз да болса өзінің қаламынан туған, жүрек сырын ақтарған өлеңдері бар. Газеттерде жарияланған мақалалары сақтаулы. Достары мен құрбы-құрдас, замандастарының естеліктері тағы бар. Соның бәрін жинақтап, бір кітап етіп шығарсақ, ұрпақтарына да, туыстарына да, шәкірттері мен көзкөрген жандарға да мәңгілік ескерткіш болар еді», – деп сыр ақтарып, қолқа салды. Бұл жай ғана ұсыныс емес, жүректен шыққан аманат сияқты сезілді. Расында да, өнегелі өмір сүрген жанның артында қалған рухани мұрасын шашау шығармай жинап, кітап етіп бастыру – өткенге тағзым ғана емес, келер күнге жолданған сауапты іс болмай ма.

Осы ойға тиянақтап, отбасылық шешім қабылданған соң кітапты құрастырып, дайындау міндеті маған жүктелді. Алғашында бұл жауапкершіліктің салмағы көңілімді біраз толқытқаны рас. Өйткені бұл – тұтас бір ғұмырдың қорытындысын таразылайтын өлшем іспетті.

Сөйтіп, тәуекел деп іске кірістім. Ендеше бұл естеліктер жүрек түкпірінде сақталған қимас сәттерді қайта жаңғыртқан, бір адамның емес, тұтас бір әулеттің, бір ортаның қадірлі тұлғасына деген шынайы алғысы мен құрметінің куәсі болса игі.

Мен кішкентай күнімнен өзге шаңырақта тәрбиелендім. Нұрқасым аға мен Айшыкен апаның қолында өсіп, сол үйдің баласы болып кеттім. Бір үйде тұрмаған соң, олардың отбасының ішкі тіршілігін, өздеріне ғана тән қызық-шыжығын да біле бермедім. Бәрі маған сырттай, алыстан көрінетін басқа бір әлем сияқты еді.

Кейін ес кіріп, өзімнің кімнің баласы екенімді, нағыз әке-шешемнің кім екенін түсіне бастаған тұста ғана, жүрегімде бір жылылық оянып, әпкеме қарай үйіріле бастадым. Әпкемді шын мәнінде жақынырақ танығаным шамамен тоғыз-он жастағы кезім. Соған дейінгі кезең тұманды, көмескі. Кейде тіпті өзіме өзім: «Сол уақыттар расында болды ма өзі?» – деп сұрақ қоямын.

Бала көңілдің есейе бастаған шағы болса керек. Бір күні олардың үйіне барғанымда, қолыма әпкемнің фотоальбомы түсті. Беттерін асықпай аударып отырып, әскери форма киген жас жігітке көзім түсті. Өңі келісті, келбетті, маған ерекше сұлу көрінді. Іштей әпкемнің жігіті болар деп ұйғарсам да, өзінен сұрай алмағам. Ақыры сол ойым шындыққа айналып, көп ұзамай әпкем күйеуге қашып кетті. Альбомдағы әскери киімді жігіт енді жездем болып шықты. Аты Биғали екен.




Сол күнгі көрініс бүгінгідей есімде… Үйдің есігінің алдында шешем жылап отыр. Көршілер, туыстар жиналып, жұбату сөздер айтып жатыр. Нені толық түсіндім, нені түсінбедім – оны қазір айта алмаймын, бірақ үй ішін кернеген ауыр мұңды анық сезінгенім рас. Сол кеткеннен кейін әпкем алыстап кеткендей болды. Көрісуіміз сиреді. Соның өзінде құдалығына барғаным жадымда сайрап тұр. Бас құда болып Әміре атаның барғаны – сол күннің салтанатын арттырып тұрғандай еді. Бала көңіл үшін ол да бір ерекше елеулі оқиға болатын.

Арада біржылөткенсоң мен интернатқакеттім. Соданәпкемменкөпке дейін жүздесеалмайжүрдік. БіздіңүйСарыарқағакөшті. Тағдырбізді осы кездетоғыстырғанеді:солжылдарыБиғалижездем де отбасыменсолауылғақонысаударды. Міне, солкезденбастапаралас-құраласымызқайтажанданды.

Уақыт өз ағысымен өтіп жатты: мен оқуға түстім, бітірдім, әскерге барып келдім, үйлендім. 1982 жылы Аягөзде қызметке орналастым. Осы кезеңнен бастап әпкеммен қарым-қатынасымыз бұрынғыдан да жақындай түсті. Бір-бірімізге жиі барып-келіп тұратын болдық. Әсіресе біз ауылға жиі баратынбыз, өйткені қашан барсақ та арқа-басымыз босап, рақаттанып демалып қайтатын едік.

Біз ауылға барған сайын әпкемнің үйі ақ

Жалғасы 8 беттер

## ХАБАРЛАНДЫРУ

# ҚОҒАМДЫҚТЫҢДАУЛАР

"ЭкоОптимум" ЖШС "Бақты-Аягөз" теміржол желісінің құрылысы" ("Семей-Ақтоғай теміржол учаскесіне шығатын Қазақстан-Қытай шекарасында үшінші шекаралық теміржол өткелінің құрылысы") жобасына экологиялық рұқсат алу үшін материалдарға қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Абай облысы.

**Шынқожа Разъезді**

Объектіден елдімекенге дейінгі қашықтық (Шынқожа ауылы, Аягөз ауданы, Абай облысы) - 2118,17м.

Тыңдауды өткізу мекенжайы-Шынқожа ауылы, Слямжар Бендебаев көшесі 8, "қозы" Мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Нарын ауылдық клубы.

Өткізу уақыты мен күні: 14 қыркүйек. 2026, 11:30.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады. ZOOM конференциясына қосылыңыз:

https://us06web.zoom.us/j/88284697503?pwd=MH2HbHbC37sqjpkJNqmNUN164jVesn.1

Конференция идентификаторы: 882 8469 7503

Кіру коды: 918800

**22 Разъезді**

Объектіден елді мекенге дейінгі қашықтық (Аягөз қ., Абай облысы) -1885,27 м.

Тыңдауды өткізу мекен-жайы - Аягөз қаласы, Абай бульвары 14 көшесіндегі Аягөз ауданы әкімдігінің ғимараты.

Өткізу уақыты мен күні:15қыркүйек. 2026, 11:30.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады. ZOOM конференциясына қосылыңыз:

https://us06web.zoom.us/j/89475363768?pwd=NHbfaxqf10ULBvyJukuYDTmcXH71OU.1

Конференция идентификаторы: 894 7536 3768

Кіру коды:754181

**Аягөз-2 Станциясы.**

Объектіден елді мекенге дейінгі қашықтық (Аягөзқ., Абай облысы) - 6435,14 м.

Тыңдауды өткізу мекен-жайы – Аягөз қаласы, Абай бульвары 14 көшесіндегі Аягөз ауданы әкімдігінің ғимараты.

Өткізу уақыты мен күні: 15қыркүйек. 2026, 16:30.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады. ZOOM конференциясына қосылыңыз:

https://us06web.zoom.us/j/83639564237?pwd=fs9pORencSCVN0s30txQgnBaLbTmpy.1

Конференция идентификаторы: 836 3956 4237

Кіру коды:403536

**Ай Разъезді.**

Объектіден елдімекенге дейінгі қашықтық (Ақшаули ауылы, Аягөз ауданы, Абай облысы) - 23005,94м.

Тыңдауды өткізу мекен жайы-Ақшәули ауылы, Аягөз ауданы, Абай облысы, 60 жыл көшесіндегі Мәдениет үйі.

Өткізу уақыты мен күні:16 қыркүйек. 2026, 11:30.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады.

ZOOM конференциясына қосылыңыз:

https://us06web.zoom.us/j/84688148169?pwd=IirNybbJMN55bJctPGwO3OvY16atN6.1

Конференция идентификаторы: 84688148169

Кіру коды:019594

Тапсырыс беруші-бастамашы: "ҚТЖ"ҰК" АҚ филиалы -"жаңа жобаларды салу дирекциясы", Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев,10.

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдар мен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz

Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган, uprirp.abay@akimatabai.gov.kz

Телефон-+7(707)7514558.Сайт–https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: Астана қаласы "ЭкоОптимум" ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы,12, "Меруерт-Тау" БО, 302 кеңсе, тел. 87782881234.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, +7(707)7514558

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

# ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «ЭкоОптимум» проводит общественные слушания к материалам для получения экологического разрешения (ПУО, ПЭК, НДВ, ППМ) к проекту «Строительство железнодорожной линии «Бахты-Аягоз» («Строительство третьего пограничного железнодорожного перехода на казахстанско - китайской границе с выходом на существующий железнодорожный участок Семей - Актогай»)». Территория, на которое может быть оказано воздействие: Абайская область.

**Разъезд Шынкожа**

Расстояние от объекта до населенного пункта (Село Шынкожа, Аягозский район, область Абай) - 2 118,17 м.

Адрес проведения слушаний – село Шынкожа, ул.Слямжар Бендебаев 8, Нарынский сельский клуб коммунального государственного казенного предприятия Дом культуры «Козы».

Время и дата проведения: 14 сент. 2026, 11:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучавствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

https://us06web.zoom.us/j/88284697503?pwd=MH2HbHbC37sqjpkJNqmNUN164jVesn.1

Идентификатор конференции: 882 8469 7503

Код доступа: 918800

**Разъезд 22**

Расстояние от объекта до населенного пункта (г.Аягоз, Абайская область) -1 885,27 м.

Адрес проведения слушаний - г.Аягоз, Здание Акимата Аягозского района по улице Бульвар Абая 14.

Время и дата проведения: 15 сент. 2026, 11:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучавствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

https://us06web.zoom.us/j/89475363768?pwd=NHbfaxqf10ULBvyJukuYDTmcXH71OU.1

Идентификатор конференции: 894 7536 3768

Код доступа: 754181

**Станция Аягоз-2**

Расстояние от объекта до населенного пункта (г.Аягоз, Абайская область) - 6 435,14 м

Адрес проведения слушаний - г.Аягоз, Здание Акимата Аягозского района по улице Бульвар Абая 14.

Время и дата проведения: 15 сент. 2026, 16:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучавствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

https://us06web.zoom.us/j/83639564237?pwd=fs9pORencSCVN0s30txQgnBaLbTmpy.1

Идентификатор конференции: 836 3956 4237

Код доступа: 403536

**Разъезд Ай**

Расстояние от объекта до населенного пункта (Село Акшаули, Аягозский район, область Абай) - 23 005,94 м

Адрес проведения слушаний - Село Акшаули, Аягозский район, Абай область, дом культуры по улице 60 лет.

Время и дата проведения: 16 сент. 2026, 11:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучавствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

https://us06web.zoom.us/j/84688148169?pwd=IirNybbJMN55bJctPGwO3OvY16atN6.1

Идентификатор конференции: 846 8814 8169

Код доступа: 019594.

Заказчик-инициатор: Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов», г.Астана, Дінмұхаммед Қонаев, 10.

Ознакомиться с материалами, вынесенными на общественные слушания можно на сайте ndbecology.gov.kz.

Гос.орган по проведению экспертизы Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Области Абай, uprirp.abay@akimatabai.gov.kz

Телефон - +7(707)7514558. Сайт - https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «ЭкоОптимум» г.Астана, проспект БауыржанМомышулы, 12, БЦ "Меруерт-Тау", офис 302, тел. 87782881234.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай, Республика Казахстан, область Абай, город Семей, ул.Турлыханова, 30 uprirp.abay@akimatabai.gov.kz , +7(707)7514558

# САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

**2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.**

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде,Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне **бес күн қалғанда** немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастаптаныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымдыкеліп түскен күні қарайды.

***Жаңару үшін дауыс бер!***

**Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан**

# КАК ПРОВЕРИТЬ СЕБЯ В СПИСКАХ ИЗБИРАТЕЛЕЙ?

**23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.**

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками **за пять дней** до дня голосования или с17августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности,гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссиябезотлагательно выдаетгражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления

***Голосуй за обновление!***

**Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Жаңа жобалар құрылысы дирекциясы» филиалы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы» («Қазақстан–Қытай мемлекеттік шекарасындағы үшінші шекаралық теміржол өткелін қолданыстағы Семей – Ақтоғай теміржол учаскесіне шығумен салу»). Түзету» техникалық-экономикалық негіздемесіне (ТЭН) арналған ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін уақыты мен орны:

**2026 жылғы 14 қыркүйек, сағат 10:00-де:**

- Абай облысы, Аягөз ауданы, Шыңқожа ауылы, Слямжар Бендебаев көшесі, 8, «Қозы» мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Нарын ауылдық клубы.

Әсер ету аумағының/ учаскесінің географиялық координаттары: 47°43'25.94" с.е., 80°37'26.03" ш.б.

**2026 жылғы 15 қыркүйек, сағат 10:00-де:**

- Абай облысы, Аягөз қаласы, Аягөз ауданы әкімдігінің ғимараты, Абай бульвары, 14.

Әсер ету аумағының/ учаскесінің географиялық координаттары: 47°55'4.17" с.е., 80°24'50.31" ш.б.

**2026 жылғы 15 қыркүйек, сағат 15:00-де:**

Абай облысы, Аягөзқаласы, Аягөз ауданы әкімдігінің ғимараты, Абай бульвары, 14.

Әсер ету аумағының/ учаскесінің географиялық координаттары: 47°52'59.05" с.е., 80°28'17.55" ш.б.

**2026 жылғы 16 қыркүйек, сағат 15:00-де:**

Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақшәулі ауылы, 60 жыл көшесі, ауылдық мәдениет үйі.

Әсер ету аумағының /учаскесінің географиялық координаттары: 47°27'53.59" с.е., 80°35'41.45" ш.б.

Өткізу орындарында техникалық мүмкіндік болған жағдайда қоғамдық тыңдауларға Zoom платформасы арқылы бейне конференция байланысы режимінде қатысуға болады.

**2026 жылғы 14 қыркүйек, сағат 10:00:**

Конференцияға қосылу сілтемесі:
https://us05web.zoom.us/j/86072719073?pwd=kj2LZt1pURszYIMDxb3h1Ahf2a3ECV.1
Конференция чатына сілтеме:
https://us05web.zoom.us/launch/jc/86072719073
Конференция идентификаторы: 860 7271 9073
Қолжетімділік коды: fWsc4W

**2026 жылғы 15 қыркүйек, сағат 10:00:**

Конференцияға қосылу сілтемесі:
https://us05web.zoom.us/j/88009743969?pwd=Kml9lCnw3U8Zn9nlA7XlFsUR617fur.1
Конференция чатына сілтеме:
https://us05web.zoom.us/launch/jc/88009743969
Конференция идентификаторы: 880 0974 3969
Қолжетімділік коды: fcnaC5

**2026 жылғы 15 қыркүйек, сағат 15:00:**

Конференцияға қосылу сілтемесі:
https://us05web.zoom.us/j/84633448667?pwd=LbgzEGnCvsX65t1KSbeeh8v1J1kOfr.1
Конференция чатынасілтеме:
https://us05web.zoom.us/launch/jc/84633448667
Конференция идентификаторы: 846 3344 8667
Қолжетімділік коды: 8iSRmg

**2026 жылғы 16 қыркүйек, сағат 15:00:**

Конференцияға қосылу сілтемесі:
https://us05web.zoom.us/j/89627633983?pwd=73mkaK5PVOqcvKn5hKUT5vdb67amxm.1
Конференция чатына сілтеме:
https://us05web.zoom.us/launch/jc/89627633983
Конференция идентификаторы: 896 2763 3983
Қолжетімділік коды: z7cB1T

**Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87023282718 телефоны арқылы хабарласуға болады.**

**Тапсырыс беруші: «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Жаңа жобалар құрылысы дирекциясы» филиалы, Астана қаласы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 10, БСН 250441002690, тел.: 87755355333.**

**Құжаттаманы әзірлеуші: «Темірғалиева Д.Р.» ЖК, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Воровский көшесі, 79, тел.: 87057836659.**

**Жергілікті атқарушы орган: Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, e-mail: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.**

**Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен https://ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Қосымша ақпаратты dinara_temir@mail.ru электрондық поштасы немесе 87023282718 телефон нөмірі арқылы алуға болады.**

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по материалам отчета о возможных воздействиях к ТЭО «Строительство железнодорожной линии «Бахты-Аягоз» («Строительство третьего пограничного железнодорожного перехода на казахстанско-китайской границе с выходом на существующий железнодорожный участок Семей – Актогай»). Корректировка».

Общественные слушания состоятся:

**14 сентября 2026 года в 10:00 по адресу:**

- Аягозский район, село Шынкожа, ул. Слямжар Бендебаев 8, Нарынский сельский клуб коммунального государственного казенного предприятия Дом культуры «Козы».

Географические координаты территории/участка воздействия: 47°43'25.94"С, 80°37'26.03"В.

**15 сентября 2026 года в 10:00 по адресу:**

- г. Аягоз, Здание Акимата Аягозского района по улице Бульвар Абая 14.

Географические координаты территории/участка воздействия: 47°55'4.17"С, 80°24'50.31"В.

**15 сентября 2026 года в 15:00 по адресу:**

- г.Аягоз, Здание Акимата Аягозского района по улице Бульвар Абая 14.

Географические координаты территории/участка воздействия: 47°52'59.05"С, 80°28'17.55"В.

**16 сентября 2026 года в 15:00 по адресу:**

- Аягозский район, село Акшаули, Аягозский район, Абай область, дом культуры по улице 60 лет.

Географические координаты территории/участка воздействия: 47°27'53.59"С, 80°35'41.45"В.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучаствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи, на платформе Zoom.

По следующим ссылкам:

**14 сентября 2026 года в 10:00:**

https://us05web.zoom.us/j/86072719073?pwd=kj2LZt1pURszYIMDxb3h1Ahf2a3ECV.1
Ссылка на чат конференции
https://us05web.zoom.us/launch/jc/86072719073
Идентификатор конференции: 860 7271 9073
Код доступа: fWsc4W

**15 сентября 2026 года в 10:00:**

https://us05web.zoom.us/j/88009743969?pwd=Kml9lCnw3U8Zn9nlA7XlFsUR617fur.1
Ссылка на чат конференции
https://us05web.zoom.us/launch/jc/88009743969
Идентификатор конференции: 880 0974 3969
Код доступа: fcnaC5

**15 сентября 2026 года в 15:00:**

https://us05web.zoom.us/j/84633448667?pwd=LbgzEGnCvsX65t1KSbeeh8v1J1kOfr.1
Ссылка на чат конференции
https://us05web.zoom.us/launch/jc/84633448667
Идентификатор конференции: 846 3344 8667
Код доступа: 8iSRmg

**16 сентября 2026 года в 15:00:**

https://us05web.zoom.us/j/89627633983?pwd=73mkaK5PVOqcvKn5hKUT5vdb67amxm.1
Ссылка на чат конференции
https://us05web.zoom.us/launch/jc/89627633983
Идентификатор конференции: 896 2763 3983
Код доступа: z7cB1T

**По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87023282718.**

**Заказчик – Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов», г.Астана, ДінмұхаммедҚонаев, 10, БИН 250441002690, тел.: 87755355333.**

**Разработчик документации – ИП «Темиргалиева Д.Р.», СКО, г.Петропавловск, ул .Воровского 79, тел.87057836659.**

**Местный исполнительный орган – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай, uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.**

**С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz.**

**Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу: dinara_temir@mail.ru и номеру телефона: 87023282718.**

# МЕНІҢ МЕЙІРБАН ӘПКЕМ

**Аяқталуы. Басталуы 5 бетте**

жайлау болып, нағыз берекенің ордасына айналып жүре беруші еді. Әп сәтте дастарқанын жайнатып, неше түрлі тағам дайындап үлгеріп, бәйек болып аузымызға тосып жататын. Не дайындаса да, неден дайындаса да, оның қолынан шыққан ас мәзірінің дәмі ерекше болатын. Сүйсіне ішіп-жеп, балаша мәз болып әпкемізге еркелеп отыратын сәттерімізді қалай ұмытайын. Өзімізді қонақ емес, өз үйімізге келгендей жайлы сезінетінбіз. Өйткені әпкемнің үйі біз үшін әрдайым құтты мекен сияқты еді. Қашан да қабағы ашық, дастарқаны жаюлы, шынайы ықыласпен жадырап қарсы алады. Қаладағы қарбалас тірліктен кейін ауылдың ауасы да, сол үйдің жылылығы да жанға дауа болатындай. Сол бір қарапайым көріністің өзі өмірдің ең қымбат, ең шуақты мезеттері екенін кейін келе түсінеді екенсің…

Ол кездежасотбасыедік. Тіршіліктіңтауқыметі, аяқтантұрып кету бірден оңай болды деп айта алмаймын. Сол кезде әсіресе әпкемніңкөмегіерекшебілінген еді. Бірдеақылынайтып, бірде керек-жарағымыздытүгендепберіп, кейдеүнсізғанақолұшынсозып, әрқашан демеу болды. Осы жылдары мен әпкемді мүлде басқа қырынан таныдым: өзінің балашағасы бар, жұмысы, өз үйінің тірлігі басынан асып жататын, соған қарамастан, бауырына деген жанашырлығын бір сәт те кеміткен емес. Барын бөлісіп, қолынан келген көмегін аямай, бізге деген ықыласын әрдайым сездіріп тұратын. Сол анамыздай аялаған кеңдігі мен мейірімін қалай ұмытайық.

Кейде ойлаймын: бәлкім, бала күнімізден біте қайнасып бірге өспегендіктен, сол арамызда үзіліп қалған бауырлық байланыстың орнын толтыруға деген қажеттілік себеп болған шығар деп. Әлде уақыт өзі бізге сол мүмкіндікті беру үшін қайта табыстырды ма екен… Қалай десек те, арамыздағы қарым-қатынас ерекше жақын, ерекше шынайы болды. Әсіресе Жұмагүл екеуінің сыйластығы бөлек әңгіме. Екеуінің бір-біріне деген ықыласы – тонның ішкі бауындай етене жақын, кіршіксіз, риясыз қарым-қатынас еді. Бір-бірін сөзсіз түсініп, бір-бірімен қуана көрісіп, сағына қауышатын. Олардың сол татулығына сырттай қарап отырып, кейде қызығып та кететінбіз. Бұл – тек қайынәпке мен келіннің емес, туған апалы-сіңлідей болып кеткен екі жақын жанның шынайы достығы болатын.

Сол бір жылдар – біздің өміріміздің ең бір ұмытылмас шуақты кезеңдерінің бірі еді. Қазір ойласам, сол дастарқан басындағы күлкі, түнге дейін созылған әңгімелер, ауылдың саумал ауасы мен әпкемнің мейірімге толы жүзі – бәрі-бәрі жүректің ең төрінен мәңгілік орын алып қалған екен.

Әрине, өмір болған соң бәрі тек қуаныштан ғана тұрмайды екен. Кейде көңілге сызат түсіретін сәттер де болатынын қалайша жоққа шығарайын. Сондай өкініші жүрегімнен кетпейтін жағдай – әпкемнің көңіліне қаяу түсіріп, ренжітіп алғаным.

Бір жылы қыста бізге соғым жіберді. Совхоздың малынан алған болу керек, еті арықтау көрінді ме, әлде өзімнің ойсыздығым ба: «Мыналарың арық қой» деп айтып қалсам керек, сол бір ауыз сөзім әпкемнің көңіліне қаншалықты ауыр тигенін сол сәтте аңғармаппын. Кейін түсіндім… Бауырына деген жанашыр көңілін, барын бөлісуге тырысқан ықыласын бағалап, шынайы ризашылығымды білдірудің орнына соғымның арықтығын айтып кінә тағып жазғырғаным ақымақтық болғанын кеш түсіндім. Бәрінен де жақын жанның көңілі қымбат екенін ескермеппін.

Әрине әпкем бұл сөзімді көңіліне алып, қатты ренжіп қалды. Біразға дейін сөйлеспей жүрдік. Мен болсам іштей өкінумен болдым. Кешірім сұраудың да ретін таба алмай, «ертең айтам, арғы күні айтам» деп жүргенімде, сол 1995 жылы, әкеміз дүниеден өтті. Қайғылы қаза бәрін ұмыттырған сияқты болды. Арамыздағы салқындық та, айтылған сөз, өкпеназ да сол қайғының көлеңкесінде қалып қойғандай болды. Бірақ адам жүрегіндегі өкініш ұмытыла салмайды екен. Кейін, есіме түскен сайын, сол бір ауыз сөз үшін өзімді-өзім жазғырумен болдым. «Айтылған сөз – атылған оқ» деуші еді бұрынғылар. Рас сөз. Атылған оқты кері қайтара алмайсың, ауыздан шыққан сөзді де қайта жұта алмайсың. Өмірдің ең ауыр сынағының бірі де – осы. Кейде бәрін қайта бастап, бір ғана сәтті түзетіп алғың келеді. Алайда уақыттың заңы қатал – ол ешқашан артқа бұрылмайды…

Бәлкім, жастықтың буымен көп нәрсенің парқына бара бермеген шығармын. Көңілге қарап сөйлеудің, ықыласты бағалаудың салмағын кештеу түсіндік пе екен… Қазір ойласам, сол бір ағат сөз – мен үшін үлкен өмірлік сабақ болды. Әр жолы осы ағаттығым есіме түскен сайын, адамның адал пейілі мен кіршіксіз көңілі қымбат екенін жүрегіммен сезінемін.Сол оқиғадан кейін әпкемді ренжітіп алмауды өзіме іштей серт еткендей болдым. Қайткенде де көңілінен шығып, қуантсам екен деген ниетте болдым. Бұл – бір жағынан кешірім сұраудың үнсіз шарасы болған сияқты…

Кейін олар Алматыға көшіп келді. Бұл тағдырдың бізге бұйыртқан үлкен сыйындай қуанышпен қабылдадық. Қашан да сол үйге барғымыз келіп, аңсарымыз ауып тұратынын несін жасырайын. Барсақ, дастарқаны дайын болмаса да, әпкем бірден бірдеңе ойлап тауып, табан астында жоқтан бар жасап, дәмі тіл үйіретін бір тағамды әзірлей қоятын. Ал кейде өзі біздікіне артынып-тартынып, түрлі тәтті-дәмдісін ала келіп, бәрімізді мәре-сәре қуанышқа кенелтіп тастайтын. Оның қолымен дайындалған ас – жай ғана тамақ емес, ғажайып мейірім мен ықыластың дәмі болып шығатын.

Әпкем біздің үйге келсе, үлкен-кіші бәріміз, кетпесе екен деп тілейміз. Сәл ұзағырақ отырса екен, тағы бір күнге қалса екен деп іштей қалап тұратынбыз. Өйткені ол кісі қасымызда болса, үйдің іші бірден басқаша ажарланып, ерекше нұрланып кететін. Әңгімеміз жарасып, өткенді еске алып, шер тарқатып, кейде алдағы күндерге жоспар құрып, арқа-жарқа болып қалатынбыз. Оның жанында отырғаныңның өзі бір ғанибет еді: тұла бойыңда бір рақат жайлылық, сенімділік, жылылық салтанат құратын. Қазір сол сәттерді ойласам, адамның бақыты үлкен дүниелерде емес, осындай қарапайым ғана, бірақ мейірім жылуын жүрегіңмен сезіндірген қайталанбас сәттерде екен ғой деп түйемін. Әпкеміздің жанында өткен сол уақыттар – біздің өміріміздің ең жарқын, ең қымбат ұмытылмас беттері болып қалыпты…

Әпкеміздің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән сүйкімді бір мінезі бар еді. Кейде ойда жоқ жерден айтқан бір ауыз сөзімен жұртты күлкіге қарық қылатын. Осындай сөздерін замандастары көпке дейін қызық қылып айтып жүруші еді.Айшыкен апамның жиі еске алатын бір әңгімесі есіме түседі. Әпкем он бірді бітіріп, пед¬институтқа тапсырып, конкурсқа іліге алмай ауылға көңілсіз жабырқап қайтады. Үйге келе жатқанында апам алдынан шығып:

– Зәкітай, амансың ба? – деп амандасады.

Сонда әпкем қабағын ашпаған күйінде:

– Аман емеспін, – депті.

Апам шошыпкетіп:

– Ойбай-ау, не болыпқалды? – десе,

– Институттан құлап қалдым, – депті.

Сонда апам күліп жіберіп:

– Ой, құдай-ай, зәремді алдың ғой, қызым-ау. Биыл болмаса, келесі жылы түсесің. Соған бола көңілсіз болып келе жатыр екенсің ғой. Ештеңе етпейді, – деп жұбатыпты. Осы сөзін еске алып күліп отыратын.

Тағы бір қызық оқиға сол тоқсаныншы жылдардың қиын кезеңін еске түсіреді. 1990 жылдың аяқ шені – ел еңсесі түскен, жұмыс жоқ, жұрттың бәрі күнкөрістің амалын іздеген шақ. Көпшілік базар жағалап, сауда жасап жан сақтаудың қамына кіріскен. Біздің апайымыз да қарап отырмады. Нан пісіріп, Биғали жездеміз екеуі базарға апарып сатып, тапқан ақшасына керек-жарақ алып, оны ауылға апарып қайта саудалайтын. Қысқасы, тынымсыз еңбектің арқасында саудасын «шыр айналдырып», тірлігін дөңгелетіп әкетті. Ол осындай тығырықтан жол табатын, қиындықтан қаймықпайтын жан еді.

Бір күні мамасы ұлы Айдосты:

– Балам, базарға барып қант алып кел, – деп жұмсап жібеоеді. Айдос қантты алып келеді. Мамасы өлшеп қараса, жарты келі жетпейтін болып шығады.

– Базарға қайта бар. Онда Зәкен тәте тұр, сол кісіге айтсаң, өзі реттейді, — деп, баласын қайтадан базарға жібереді. Айдос базарға барып, жағдайды тәтесіне айтады. Сонда әпкеміз бірден әлгі сатушыға жетіп барады да, қант салынған дорбаны алдына қарай лақтырып жіберіп:

– Толтырып сал! Әйтпесебаратын жерге барам! – дептінық-дауыспен.

Жөпелдемеде сасыпқалғансатушы, сөзге келместенжетпегеніндереутолтырыпсалып береді. Айдос жауды жеңгенбатырдай масайрап, үйгеқайтады.

Сол күнненбастап «баратын жерге барам» дегенсөзбіздіңүйдіңқалжың-мәтелінеайналды. Біреудіңәділетсіздігітуралысөзболса не бірнәрсекемшінтүссе, бірденсолсөздіесімізгеалып, бәрімізкүліпаламыз. Бірақолсөздіңтүбіндеәпкеміздіңбатылдығы, әділетсідікке төзбейтінтурашылдығы, ешкімгеесесін жегізбейтін бірбеткей мінезі көрінетін.

Өкінішке орай, Биғали жездеміз өмірден ерте кетті. Бірақ сол қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында артында белгілі із қалдырды, ұлдарына жақсы тәрбие берді, өзінің еңбекқорлығымен, тыңғылықты ісімен іні-бауырларына үлгі болды. Әпкем екеуі де елге деген пейіл-ниеті таза, адал еңбегінен абырой тапқан жандар ретінде ауылдастарының арасында лайықты абырой-бедел иеленді, тату-тәтті, ауызбіршілікпен баянды өмір сүріп, көптің құрметіндегі үлгілі отбасы болды.

Өмірлік серігі, арқа сүйер тірегінен айырылу отбасына қаншалықты ауыртпалық әкелсе де, апайым қайғыға қайратын қарсы қоя білді. Балалаларын қатарынан кем қылмай өсіріп, оқып мамандық алуларына, отбасын құрып, үйлі-жайлы болуларына барын салды, тынбай еңбектенді.

Жалпы, ол кісінің интуициясы, яғни ішкі түйсігі таңғаларлық еді. Қандай іске кіріссе де, ұзақ өлшеп-пішіп, есептеп әуре болып жатпайтын. Қолына алған істі қолма-қол, еш іркіліссіз ылдым-жылдым жүзеге асыратын. Оюма, құрақ па, әлде киім бе – ешқандай үлгіге салмай-ақ, лекалоға қарамай-ақ, бәрін көз мөлшерімен лезде ойып, кесіп-пішіп, тігіп тастайтын. Бірақ не жасаса да, әрқайсысы заманға сай өзгеше талғаммен көз тартарлық дүние болып шыға келетін.Тағам дайындауда да дәл солай – бәрін көз мөлшермен жасайтын. Дегенмен дастарқанға келген ас мейрамхананың тағамынан кем емес дәмі тіл үйірердей татымды, хош иісі бірден тәбетті ашып тұратын.

«Талантты адам – барлық істе талантты» дегендей, әпкеміздің тағы бір қыры – ақындық өнері еді. Жиі болмаса да, көңілі толқыған сәтте шабыты оянып, кез келген тақырыпқа суырып салып өлең шығаратын. Оның ішінде маған арнаған да бірнеше өлеңі бар. Сондайда менің де көңілім өсіп, марқайып қалушы едім.

Бауырларым-жүрегім,  
Сүйенішім, тірегім.  
Аман болып жүре бер,  
Сол болсын менің тілегім, – деп

ақжарма пейілін ақтарушы еді.

Дос-құрбылары мен шәкірттері атап өткендей, ол кісі шынында да білікті, тәжірибелі ұстаз болатын. Немересі Асанәліні де мектепке өзі дайындап, алғашқы қадамын өзі қадағалады. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, өмірінің соңына дейін оқуына мән берді. Соның нәтижесінде Асанәлі 11-сыныпты тәмамдағанда 122 балл жинап, Қазақстанның алдыңғы қатарлы университеттерінің бірі – SDU-дың IT мамандығына мемлекеттік грантпен оқуға түсті.

Міне, менің әпкем осындай жүрегі тек мейірімнен жаралған, жүзі жылы, жаны жайсаң, өзім дегенге өзегін жұлып беруге дайын жан еді. Өкінішке орай, 2017 жылдың 17 желтоқсаны күні ұзаққа созылған сырқаттың салдарынан 70 жасқа толған шағында аяулы әпкемізден айырылып қалдық.

Пай, пай, Өмір!  
Өтесің-ау бір күні.  
Тиясың-ау қуанышты күлкіні.  
Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,  
Өмір деген – көк аспанның күркірі.  
Пай, пай, Өмір,  
Өтесің-ау бір күні!  
Болмағандай, жүрмегендей сенде біз,  
Кетеміз-ау, әй, кетеміз… пендеміз.  
Ұрпақтарға береміз де кезекті,  
Біз кетеміз. Кету үшін келгеміз,

– деп Мұқағали ақын жырлағандай, арамыздан ерте кетіп қалды.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (ғ.с.с.) хадистерінде «Егер жақсылыққа жолығамын десеңіз, оны жүзі жарқын адамнан күтіңіз» делінген, сонан болар, қазақ өмірдің қадір-қасиетін, мән-мағынасын жақсы адамдармен өлшейді.

Жақсы адамды ел-жұрты, туған-туыстары сағынады. Ол сағыныш өшпейді, күннен-күнге, айдан-айға ұласа беретін сияқты. «Ай ортақ, Күн ортақ, Жақсы ортақ» демекші, енді осындай жақсы адамның асыл қасиеттері сағыныш аясындағы сәулелі естеліктерге арқау болмақ. Егер арамызда болғанда, ендігі жылы сексен жастың төріне шығар еді деп өкінеміз… Бірақ тағдырдың жазуына қарсы тұрар амал жоқ, көнуден басқа. Маңдайына Алланың жазғаны солай болған шығар деп өз-өзімізді жұбатамыз. Десек те шүкірлік айтпауға да негіз жоқ. Артында өсіп-өнген ұл-қыздары мен немерелері қалды.Саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім-тәрбие беруге арнаған ұлағатты ұстаз ретінде есімін құрметпен еске алатын шәкірттері қалды.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,  
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен,  
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,  
Өлсең де өлмегенмен боласың тең,

– деген дана Абайдың сөзі менің әпкем сияқты еңбегі елеулі, ел-жұртына қадір-құрметі ерекше жандарға арналып айтылғандай.

Мерейлі жасына орай Сарыарқа мектебінің музейінен ол кісіге арнайы бұрыш ашып, естелік альбом-кітап шығарсақ деген игі жоспарымыз осындай ізгі ниеттен туындаған еді. Осы естелік – сол мақсатымызды орындау жолында жасалған іс-шараларымыздың бір бөлшегі болуға жарар деген ойдамын. Бірінші Алланың, екінші жақсы адамдардың қолдауымен бастаған ісімізге сәттілік тілеймін, әпкемнің аруағы желеп-жебесін.

**2026 жыл, 20 ақпан**

**УТЕРЯ**

**Мұқұш (Тлеуленов) Серғазы (Турусбекович) атына толтырылған еңбек кітапшасы жоғалғанын хабарлайды. Табылған жағдайда 8702 520 27 56 байланыс телефонына хабарласу сұралады.**

***

**19.08.1947 жылы өмірге келген Байахметова Раиса Джаудетовнаның жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

***

**Абаев Саркытбек Бекбатыровичтің атына толтырылған еңбек кітапшасы жоғалғанын хабарлайды. Табылған жағдайда 8702 520 27 56 байланыс телефонына хабарласу сұралады.**

***

**Мен Байахметова Раиса 2026 жыл 1-ші тамыз күні жеке куәлігімді жоғалтып алдым. Осы құжатты тауып алып өзіме қайтраған адамға сыйақысын төлеймін. Тапқан адам болса 8 701 765 77 68 телефон нөміріне хабарласыңыздар.**

**“Аягөз жаңалықтары“ аудандық газеті” ЖШС**

**Директор - Бас редактор** Е.Дайырбаев

Газеттегі авторлық пікірлер редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін

**Мекен-жайымыз:** Аягөз қаласы, Х.Дүйсенов, 104.

**Телефондар:**
Жауапты хатшы: **3-22-01**
Тел/WhatsApp **87018528808, 87782579707**
**e-mail:** ayagoz.zhanalyktary@gmail.com

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі. Ақпарат комитеті 2021 жылы 4 ақпанда берген тіркеу куәлік № KZ44VPY00032023
Газет аптасына 1 рет шығады
А3 форматына (420х297 мм) теңестірілген 3 баспа табақ

Газет “Дом Печати” ЖШС баспаханасында басылды. 070002. Павлодар қ., Астана көшесі 143

Таралымы 1 403 дана.
Тапсырыс № 965